



Салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 сәуір N 591. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.22 N 1672 қаулысымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235

Z952235_

Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 сәуірдегі

N 591 қаулысымен

бекітілген

Салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту

тәртібі туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже салық қызметінің қаржы органдарының келісімімен салық төлеу (акцизден басқа) және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзартудың

т ә р т і б і н

а й қ ы н д а й д ы .

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының 152-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте салық төлеушілер салық және басқа да міндетті төлемдер мен айыппұл санкцияларын бірі н ш і к е з е к т е т ө л е й д і .

3. Салық төлеушілерге салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту бір салық жылынан артық емес мерзімге ғана беріледі, бұл ретте төлеу мерзімінің ұзартылуы салық төлеушіні осы Ереженің 10-тармағында көзделген жағдайлардан басқа кезде бюджетке салық жарнасын уақытылы төлемегені үшін ө с і м т ө л е у д е н б о с а т п а й д ы .

II. Салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту т ә р т і б і

4. Салық төлеушіден дәлелді жазбаша өтініш алуы бойынша салық қызметінің басшысы тиісті қаржы органы басшысының келісімімен төлеу мерзімін ұзартудың мүмкіндігі мен негізділігін қарайды. Бұл ретте төлеушілер салық органдарына мынадай құжаттарды тапсыруы тиіс:

төлеу мерзімі ұзартылған уақытта салық төлеушіде қалатын қаражатты п а й д а л а н у б а ғ д а р л а м а с ы ;

Қазақстан Республикасы Қарсы министрлігі айқындайтын қызметтің негізгі көрсеткіштері мен төлеу мерзімі ұзартылған кезеңдегі жұмыс жоспары;
егер өткен 12 айда төлеу мерзімі ұзартылған болса, салық төлеушіде уақытша қалған қаражаттың тиімді пайдаланылуы туралы есеп;
салық органымен келісілген төлемдерді өтеу кестесі.

Салық төлеуші жалпы мемлекеттік салық пен айыппұл санкциялары бойынша төлемнің мерзімін ұзарту үшін қосымша мынадай құжаттарды тапсыруы қажет;

салық төлеушіні тұрғылықты жері бойынша салық органында салық төлеушінің (СТН) нөмірі көрсетіліп, есепке қойылғаны туралы растамасы;
қ а р ж ы ж а ғ д а й ы т у р а л ы а н ы қ т а м а ;

салық органымен төлемдер бойынша бюджетке өзара есеп айырысу жағдайы туралы салыстыру актісі және оның төлеу мерзімін ұзарту жөніндегі қ о р ы т ы н д ы с ы .

5. Төлеу мерзімін ұзарту туралы соңғы шешім:

- жалпы мемлекеттік салық бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы м и н и с т р л і г і м е н ;

- жергілікті салық бойынша - тиісті қаржы органының басшысымен.

Қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлама салық төлеушіге жеткізіледі.

6. Заңды тұлғалар құрусыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар

үшін (патент бойынша жұмыс істейтіндерден басқасы) осы Ережеде көзделген салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзартудың осы секілді тәртібі қолданылады.

7. Заңды тұлғалар құрусыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардан басқа жеке тұлғаларға салық төлеу және айыппұл санкцияларының мерзімін ұзарту тәртібін жергілікті органдар белгілейді.

III. Салық төлеу және айыппұл санкциялары мерзімінің ұзартылу қолданысының тоқтатылуы

8. Салық төлеуші берешекті қарыз өтеу кестесін бұзған кезде төлеу мерзімінің ұзартылу қолданысы тоқтатылып, берешек жалпы белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады.

9. Ұзарту мерзімінің қолданылуы өткен соң салық органдары жалпы белгіленген тәртіппен төлемдерді өндіріп алады.

10. 1997 жылдың 1 маусымына дейінгі кезең үшін салық төлеу мерзімінің ұзартылуы бюджетке салық жарнасы уақытында төленбегені үшін өсімі есептелусіз жүзеге асырылады.